



### ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Абай облысы прокуратурасының бастамасымен мектеп оқушыларының құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған ауқымды жиын өтті. «Заң мен тәртіп» қағидатын негізге алған іс-шара барысында интернет-алаяқтық, буллинг, stalking және өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысты дәрістер оқылып, өзекті мәселелер талқыланды. Гүлсім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semel tany»



«Заң және балалар - қауіпсіз болашақ» тақырыбындағы кездесуе қала мектептерінен 350-ден аса оқушы қатысты.

Жаңаның негізгі мақсаты жасөспірімдерді заманауи қауіп-қатерлерден сақтандыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және қоғамдағы құқық бұзушылықтың алдын алу болды.

Мамандар интернет желісіндегі ала-яқтық әрекеттерден қорғану жолдарын түсіндіріп, әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану жөнінде кеңестер берді.

Сонымен қатар буллинг пен сталкингтің психологиялық және құқықтық салдары туралы жан-жақты ақпарат ұсынылды. Іс-шара барысында оқушылар құқық қорғау саласы мамандарына өздерін толғанды- рған сұрақтарын қойып, ашық пікір алмасты.

ларға қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізілді, - дейді Семей қаласының прокуроры Мейірман Қалиасқаров.

Аталған іс-шараның бір ерекшелігі - қауіпсіздік шаралары жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейнематериалдар арқылы түсіндірілді.

Мұндай профилактикалық шаралар қоғамдағы қауіпсіздікті нығайтуға, азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға және жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алуға ықпал етеді.

Advertisement for RIZA BOL products, including a blanket and tea, with contact information: 8 778 929 14 53, 8 777 276 90 74

### ЕҢБЕК ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕРДІ ЕШЕБЖ-ҒА ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес, жұмыс берушілер еңбек шарттары туралы мәліметтерді Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (бұдан әрі - ЕШЕБЖ) уақтылы енгізуге міндетті.

ҚР Еңбек кодексінің 23-бабы 2-тармағының 27-тармақшасына сәйкес, ЕШЕБЖ-ға еңбек шартын жасасу, өзгерту және тоқтату туралы мәліметтер енгізіледі.

Жүйеге тараптардың деректемелері, лауазымы, жұмыс орны, еңбек шарттары мерзімі, жұмыстың басталу күні және тіркеу нөмірі сияқты деректер енгізілуі тиіс.

Сонымен қатар ҚР Еңбек кодексінің 99-бабында көзделген демалыстар туралы мәліметтер де жүйеге енгізіледі.

Жұмыскер қайта жұмысқа қабылданған жағдайда, жұмыс беруші бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде тиісті мәліметтерді жүйеге енгізуі тиіс.

Еңбек шарты бұзылған жағдайда, жұмыс беруші бұл туралы ақпаратты шарт бұзылған күннен бастап 3 күннен кешіктірмей ЕШЕБЖ-ға енгізуге міндетті.

Мәліметтерді ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекіткен қағидалармен реттеледі.

Жаңа еңбек шарттары бойынша мәліметтерді жұмыс беруші екі тарап шартқа қол қойған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде ЕШЕБЖ-ға енгізуі қажет.

Еңбек шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жүйеге енгізілуі тиіс.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанған құқық бұзушылық үшін айыппұл мөлшері ұлғайтылады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Абай облысы бойынша департаменті

### ХАБАРЛАНДЫРУ

#### АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЖОЛАУШЫЛАР МЕН БАҒАЖДЫ АВТОМОБИЛЬМЕН ҚАЛААРАЛЫҚ, ОБЛЫСАРАЛЫҚ, АУДАНАРАЛЫҚ (ҚАЛААРАЛЫҚ ОБЛЫСЫШЫЛЫҚ) ТУРАҚТЫ ТАСЫМАЛДАУ МАРШРУТТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫНА КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

1. Абай облысының әкімдігі, «Абай облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ тұлғасында 2026 жылдың 26 маусым күні сағат 10.00-де өтетін маршруттарға қызмет көрсету құқығына конкурс өткізетіні туралы хабарлайды.

2. Конкурсқа мынадай маршруттар шығарылады:
Лот № 1 Семей - Қалбатау-Жаңғызтөбе, ұзындығы - 191 км
Лот № 2 Семей - Шемонаиха, ұзындығы - 125 км
Лот № 3 Семей - Жерновка - Жаңа Шүлбі - Песчанка, ұзындығы - 127 км

Лот № 4 Аягөз - Алматы, ұзындығы - 788 км
Лот № 5 Семей - Өскемен, ұзындығы - 218 км
Лот № 6 Семей - Риддер, ұзындығы - 298 км
Лот № 7 Семей - Ескі бекініс, ұзындығы - 17 км
Лот № 8 Семей - Бесқарағай, ұзындығы - 77 км
Лот № 9 Семей - Шульбинск, ұзындығы - 72 км
Лот № 10 Семей - Кайнар, ұзындығы - 275 км

3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздемеде автотөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.
4. Конкурсқа қатысуға ниет білдірушілер «Абай облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ-нен конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Семей қаласы, Достоевский көшесі, 110 мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2026 жылдың 11 маусым.
6. 2026 жылдың 28 мамыр сағат 10.00-де конкурстық Комиссия конкурс өткізу мәселелері бойынша конкурс алдындағы конференция өткізеді.
7. Анықтам алу үшін телефон: 35-55-14

### ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

"KAZNEDRAGOLD" ЖШС "Абай облысының "Ақшкола" учаскесінде 4 блок: "М-44-104-(10а-5v-2), М-44-104-(10а-5v-7), М-44-104-(10а-5v-8), М-44-104-(10а-5v-3)" шегінде қатты пайдалы қазбаларды барлау Жоспары" ықтимал есерлері туралы есеп" бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

"Ақшкола" учаскесі Қазақстан Республикасының Абай облысы Жарма ауданында орналасқан, жақын елді мекендер: Қалбатау ауылы "Ақшкола" учаскесінен солтүстікке қарай 7,8 км жерде орналасқан. "Ақшкола" учаскесінің ауданы - 8,97 км2.
Учаскенің географиялық координаттары: 1. 81°31'00"ш.б. 49°15'00" с.е., 2. 81° 33' 00"ш.б. 49° 15' 00"с.е., 3. 81° 33' 00"ш.б. 49° 13' 00"с.е., 4. 81° 31' 00"ш.б. 49° 13' 00" с.е.
Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты - 16.07.2026 ж., 10:00. Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылдық округі, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 119. «Акимат акт залы».
Бейнеконференция сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/87442742404?pwd=8f5lzmAlbbpZYXNA1M9ISF8SfWq0.1
Конференция идентификаторы: 874 4274 2404
Кіру коды: 820715
Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады ndbecology.gov.kz.
Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік ор-

ган - Абай облысы бойынша экология департаменті. 070000, Семей қ., Бауыржан Момышұлы көшесі, 19А, телефон: 8 (7222) 52 32 78, сайт - https://abaioibl-ecodep@ecogeo.gov.kz
Тапсырыс беруші: "KAZNEDRAGOLD" ЖШС, 010000, ҚР, Астана қ., Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12-үй, 406. БИН 251140015143
Өзірлеуші: "ЭкоОптимум" ЖШС, Астана қ., Момышұлы даңғылы 12, "Меруерт Тау" БО, оф.302, БСН 090140012657.
Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 070000, Семей қаласы, Тұрлықанов көшесі, 30, email - prirodnuye\_resursy\_obl.abay@mail.ru, телефон - 8(7222) 35-44-32.
Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: "Вести Семей", «Semel tany» басылымдарында басылымында, «Қазақстан» телеарнасының эфирінде, сондай-ақ мектептің хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

### ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

"KAZNEDRAGOLD" ЖШС "Абай облысының "Ақшкола" учаскесінде 4 блок шегінде: "М-44-104-(10а-5v-2), М-44-104-(10а-5v-7), М-44-104-(10а-5v-8), М-44-104-(10а-5v-3)" жобаға есер ету үшін экологиялық рұқсат алу үшін материалдарға (ӨЭБ, ҚББ, РЕШН, ҚОЖЖ) қатысты ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды.

"Ақшкола" учаскесі Қазақстан Республикасының Абай облысы Жарма ауданында орналасқан, жақын елді мекендер: Қалбатау ауылы "Ақшкола" учаскесінен солтүстікке қарай 7,8 км жерде орналасқан. "Ақшкола" учаскесінің ауданы - 8,97 км2.
Учаскенің географиялық координаттары: 1. 81°31'00"ш.б. 49°15'00" с.е., 2. 81° 33' 00"ш.б. 49° 15' 00"с.е., 3. 81° 33' 00"ш.б. 49° 13' 00"с.е., 4. 81° 31' 00"ш.б. 49° 13' 00" с.е.
Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны, күні мен уақыты: 16.07.2026 ж., сағ. 11:00, Абай облысы, Жарма ауданы, Қалбатау ауылдық округі, Қалбатау ауылы, Достық көшесі, 119. «Акимат акт залы».
Бейнеконференция сілтемесі: https://us06web.zoom.us/j/89454622315?pwd=wJaBej0KfwDij5lBXBaW9remPoALiv.1
Конференция идентификаторы: 894 5462 2315
Кіру коды: 11111
Қоғамдық тыңдауға шығарылған материалдармен сайтта танысуға болады: ndbecology.gov.kz.
Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік ор-

ган - Абай облысы бойынша экология департаменті. 070000, Семей қ., Бауыржан Момышұлы көшесі, 19 А, телефон: 8 (7222) 52 32 78, сайт - https://abaioibl-ecodep@ecogeo.gov.kz
Тапсырыс беруші: "KAZNEDRAGOLD" ЖШС, 010000, ҚР, Астана қ., Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12-үй, 406. БИН 251140015143
Өзірлеуші: "ЭкоОптимум" ЖШС, Астана қ., Момышұлы даңғылы, 12, "Меруерт Тау" БО, оф.302, БСН 090140012657.
Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық нысанда мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, 070000, Семей қаласы, Тұрлықанов көшесі, 30, email - prirodnuye\_resursy\_obl.abay@mail.ru, телефон: 8(7222) 35-44-32.
Қазақ және орыс тілдерінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру мынадай тәсілдермен таратылатын болады: "Вести Семей", «Semel tany» басылымдарында, «Қазақстан» телеарнасының эфирінде, сондай-ақ мектептің хабарландыру тақтасында жарияланатын болады.

«Semel tany» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.
Директор - Бас редактор Риза АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА
Бас редактордың орынбасары Роза ПУШПАКОВА
www.semeytany.kz
Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № КЗ49VPU0121173, 05.06.2025 ж.
Газет «АБАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) бастап орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.
Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.
Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады.
Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.
Меншікті тілшілеріміз: Бороудихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.
Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12.
Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛҒАН ТАРАЛЫМЫ 30 155
Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ